

2005 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005 жылғы 07 қаңтардағы N 1/07 қаулысы.
Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2005 жылғы 17 қаңтарда N 635 тіркелді

Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 5/813 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы 2001 жылы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27, 37-ші баптарына, 2001 жылы 23 қаңтардағы N 149-ІІ "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-шы бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын іске асыру мақсатында, Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылға ұйымдар және қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемінің қосымша берілген тізімдері бекітілсін.

2. Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті (Нұрланов А.Ж.):

қала бюджетінің 2005 жылы қоғамдық жұмыстарын өткізуге қарастырылған қаражат шегінде, 2005 жылдың қаңтар айынан жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуін жүргізсін;

қоғамдық жұмыстағы жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу екінші дәрежелі банктердегі жеке есеп шоттарына аудару арқылы жүргізсін.

3. Қоғамдық жұмысқа қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысы айлық ең аз 1,5 жалақы мөлшерінде белгіленсін

4. Қалалық қаржы басқармасы (Қ.Қ.Тәжібаев) қоғамдық жұмыстағы жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге уақытында қаражат бөлінуін қамтамасыз етсін.

5. Әділет басқармасында 2004 жылы 29 қаңтарда N 581 тіркелген, "Вечерний Алматы", "Алматы Ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан қала Әкімшілігінің 2004 жылы 9 қаңтарда N 1/17 "2004 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Қ.Бижановқа жүктелсін.

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң Ә к і м і

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласы Әкімшілігінің
 2005 жылғы 07 қаңтардағы
 "2005 жылы жұмыссыздарды
 қоғамдық жұмыстарға жіберу
 туралы" N 1/07 қаулысымен
 БЕКІТІЛДІ

**Алматы қаласындағы 2005 жылдағы ұйымдар,
 қоғамдық жұмыс көлемдері мен түрлерінің
 ТІЗБЕСІ***

№	Жұмыс түрлері	істейтін адам саны	Жұмыс берушілер
1.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына аумақтарын жинап тазалауға көмек беру	2854	"Ісмер", "Игілік" пәтер иелері кооперативтерінің Ассоциациялары, коммуналдық шаруашылық бөлімдері, пәтер иелерінің кооперативтері, аумақтық өзін-өзі басқару комитеттері және басқалары
2.	Жол салу және оны жөндеу жұмыстары	132	Жол - пайдалану учаскелері
3.	Аймақты экологиялық сауықтыру және көгалдандыру мен көркейту	354	"Көгалдандыру" ("Зеленстрой") Акционерлік қоғамы, "Тәртіп" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, "Медеу мемлекеттік табиғи паркі" мемлекеттік мекемесі, экологиялық инспекция, салт-дәстүрлік қызмет комбинаты және басқалары
4.	Қоғамдық аймақтық науқандарын ұйымдастыруға көмек көрсету	1755	Ерікті халық жасақшылары, көші-қон полициясы, қорғаныс істері жөніндегі басқармасы, жергілікті өзін-өзі басқару комитеттері, "Қазақ тілі" қоғамы және басқалары
5.	Қарт азаматтар мен мүгедектерге күтім жасау, балалармен және басқа да әлеуметтік қызмет көрсетуге байланысты жұмыстарды жүргізу және басқалары	1105	"Дана" отбасын қолдау орталығы, "Қамқорлық" Дағдарыс орталығы, Жұқтырылған имунтапшылығының синдромымен күресу және оның алдын алу жөніндегі Орталық, Орта-Азиялық тұрақты даму жөніндегі ақпараттық жүйесі, "Мөлдір" қоғамдық бірлестігі, Мүгедектер қоғамы, Аулалық клубтар, Балалар шығармашылық үйлері, Қайырымдылық қоры, Соғыс ардагерлері мен зейнеткерлер Кеңесі, Қазақстан Республикасының зағип және

		соқыр азаматтарға арналған республикалық кітапханасы, "Орталық Азия менеджмент және консалтинг офисі" және басқалары
	БАРЛЫҒЫ	6200

* сұраныс пен ұсынысқа қарай жұмыс түрлеріне қатысатын адам саны, қатысу ұзақтығы қоғамдық жұмыстарды өткізуге 2005 жылы қала бюджетінде қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.

Жұмыссыздарды қоғамдық жұмыста пайдаланатын ұйымдар қосымша ақы төлей алады. Қолданыстағы халықты жұмыспен қамту заңының қоғамдық жұмыстарда еңбекке ақы төлеу бөлігінде өзгерістер болған жағдайда еңбекақының мөлшері өзгеруі мүмкін.

Әкімшілік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК